

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Саяси сауаттылықтың маңыздылығыЖАРИЯЛАНДЫ
02.02.2022СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/113416/>

Сауаттылық тек ғана дұрыс жазумен байланысты емес, сонымен қатар саяси тұрғыдан да сауаттылықтың болатынын білуіміз керек. Саяси сауаттылықты -қазіргі кездегі өзекті тақырыптың бірі болып табылады. Қазіргі жастардың саяси сауаттылығының негізгі дағдыларын дамыту үшін мектептерде және қауымдастықтарда кәсіби әлеуетті дамытуға бағытталуы керек. Саяси сауаттылық дағдыларына кәсіби дамытуға көмектесетін семинар және оқу материалдары кіреді.

Саяси сауаттылық-бұл қоғамның саяси өміріне саналы түрде қатысуға мүмкіндік беретін әлеуметтік білім, саяси іс-әрекеттің дағдылары, адамгершілік және азаматтық қасиеттер деңгейі

Саяси сауаттылық жастардың саяси сезімдерін тәрбиелейді. Қоғамдағы саяси оқиғалар мен процестерді дұрыс қабылдауға, өзі іс-әрекетінде басшылыққа алуға, қоғамға теріс саяси- идеологиялық әсерлерге берілмеуге иммунитетті қалыптастырады. Сонда ғана жастарымыз тәуелсіз Қазақстанның саяси құндылықтарын қорғауға даяр болады.

Саяси сауаттылық бойынша дағдыларды, білім мен түсінікті дамыту мүмкіндігін әрбір оқу бағдарламасының аясында табуға болады. Бұл білімдерді практиктерге, мектептерге және қауымдастық параметрлеріне олардың білім алушылардың өз дауысын пайдалану, қатысу және нақты, мағыналы шешім қабылдау процестеріне үлес қосу қабілетін қаншалықты меңгергенін көрсету үшін қолдайды.Саяси сауаттылық азаматтық қоғам дамуының құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, саяси құзырет халықтың барлық әлеуметтік топтарына әсер етуі керек, бірақ бұл жас ұрпаққа қатысты.

Саяси сауатты жастар қоғамдағы саяси үрдістерге ықпал ете алатын, әсіресе мемлекетті басқаруға, басқару органдары ісіне қоғамдық көмек беруге дайын болады. Өз қызмет саласында (білім, ауыл шаруашылығы, өндіріс т.б.) мемлекеттік саясат ұстанымдарын жүзеге асыруға саналы түрде кіріседі.

Саяси сауатты болу үшін, жастардың саяси сауаттылығын арттыруды мақсат еткен

кез келген мемлекет электоралдық белсенділікті де арттыруы керек. Соңғы анықтаманың төмен көрсеткіші жағдайында мемлекетке саяси жүйенің тұрақсыздығы қаупі төнеді, бұл өз кезегінде саяси саланың қызметінде бұрмалануларды тудырады. Бұл жастармен жұмыс сайлау белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда жастардың саяси белсенділігін арттыру көптеген әдістермен, соның ішінде дәрістер, бейнероликтер, модельдеу, іскерлік ойындар, т.б. Жастардың әрбір тобы үшін келесі талаптарға жауап беретін әдістеме таңдалады:

- 1) Тренингтердің сипаттамалары немесе мәселелерге қызығушылық тудыру;
- 2) Қажетті оқу материалдарының болуы;
- 3) Проблеманың ерекшелігін зерттеу;
- 4) Мұғалімнің біліктілігін арттыру.

Болашақтағы Қазақстанның жолы жас ұрпақпен тікелей байланысты. Бүгінгі күні жастар өзінің әлеуетін жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктерге ие. Осы үшін кәсіби мансап пен тұлғалық өсу қалыптастыруда тең мүмкіндіктер құрылуда. Өз сөзінде Н.Ә.Назарбаев жас ұрпаққа назар аударып, былай деп айтқан болатын: «Сендер – болашаққа деген үкілі үмітіміздің тірегісіңдер. Біздің бүгінгі атқарып жатқан қыруар шаруаларымыз тек сендер үшін жасалуда».

Саяси сауаттылығы жоғары болған ел, әрқашанда алдыңғы қатардағы терезесі табысқа жеткен елдермен жарыса алады.

Жоғары саяси сауаттылық-азаматтың саяси мәдениетінің белгісі.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.